



"Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 наурызда № 2550 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 421 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 28.09.2018 № 421 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Р Қ А О - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Байзақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Дулат Әбенұлы Сұлтанбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Ә. Қилыбаев

Байзақ ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 23 қаңтардағы
№ 58 қаулысына қосымша

"Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомствосы жоқ:

3. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 080100, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Қонаев көшесі №176 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ветеринарлық саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

"Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің негізгі міндеті халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау.

16. Функциялары:

1) облыстың жергілікті өкілді органына жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу туралы қағидаларын әзірлеп, бекіту үшін аудан әкімдігіне ұсыну;

2) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;

3) ветеринарлық (ветеринарлық-санитариялық) талаптарға сәйкес мал қорымын (биотермиялық шұңқырларды) салуды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;

4) мүдделі тұлғаларға өткізіліп жатқан ветеринарлық іс-шаралар туралы ақпарат беруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

5) ветеринарлық мәселелері бойынша халықтың арасында ағарту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

6) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге

асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринарлық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияларды ұйымдастыру;

7) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу;

8) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;

9) аудан аумағында жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша аудан әкімдігінің қаулысына сәйкес карантинді немесе шектеу іс-шараларын ұйымдастыру;

10) аудан аумағында жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринарлық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық инспекторының ұсынуы бойынша аудан әкімдігінің қаулысына сәйкес шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтатуды ұйымдастыру;

11) аудан әкімдігіне бекіту үшін мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринарлық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринарлық дәрігерлер тізімін ұсыну;

12) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринарлық саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

13) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттеп-қарауды жүргізу;

14) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;

15) Қазақстан Республикасындағы ветеринарлық саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық бақылауды және қадағалауды:

ішкі сауда объектілерінде;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринарлық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринарлық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринарлық саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарда;

экспортын (импортын) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне жүзеге асыру;

16) мал қорымдары (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринарлық (ветеринарлық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

17) жеке және заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринарлық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;

18) аудан аумағында жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринарлық іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

19) уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринарлық іс-шаралардың жүргізілуін ұйымдастыру;

20) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізу бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

21) ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлеріне қажеттілікті айқындап, аудан әкімдігіне ақпарат беру;

22) ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринарлық есепке алып аудан бойынша жинақталған ақпаратты облыстың жергілікті атқарушы органына жолдау үшін аудан әкімдігіне мәлімет беру;

23) аудан әкімдігіне жануарлардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының профилактикасы бойынша ветеринарлық іс-шаралар жөнінде аудан әкімдігіне ұсыныс енгізу;

24) облыстың жергілікті атқарушы органына ұсыну үшін профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі туралы мәліметті аудан әкімдігіне беру;

25) ветеринарлық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен сатып алынған ветеринарлық препараттарды сақтауды ұйымдастыру;

26) аудан әкімдігіне тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігі аумағында ветеринарлық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринарлық іс-шаралар туралы ұсыныс енгізу;

27) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасау және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жаза қолдану;

28) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;

29) ветеринарлық саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу;

30) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді;

31) Ведомствоның функциялары:

32) жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринарлық іс-шаралар өткізу;

33) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу;

34) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуді;

35) жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринарлық препараттарды тасымалдау (жеткізу), сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) бойынша қызметтер көрсетуді ;

36) құрылысын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарды ұйымдастырған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын) күтіп ұстауды;

37) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды;

38) ветеринарлық есепке алу мен есептілікті жүргізуді, ұсынуды;

39) ветеринарлық анықтама беруді;

40) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді және одан үзінді көшірме беруді;

41) биологиялық материалдың сынамаларын алуды және оларды ветеринарлық зертханаға жеткізуді;

42) ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) жиналыстарды өткізу тәртібін ұйымдастырады, аудан әкімдігінің отырыстарына қатысады;

2) "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарына жария етілуін қамтамасыз етеді;

3) "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, осы Ережеге сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Байзақ ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;

- 5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды ;
- 6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;
- 7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 8) азаматтарды жеке қабылдауларды жүзеге асырады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады.

"Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын бірінші басшы басқарады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

24. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. "Байзақ ауданы әкімдігінің ветеринарлық бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

28. Байзақ ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Байзақ ауданының ветеринарлық қызметі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК